

Жайық таңы

Тілсіз жауға қойылды бекем қалқан



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚҰРЫЛТАЙЫНЫҢ ДЕПУТАТТАРЫН САЙЛАУДА ДАУЫС БЕРУ ТӨРТІБІ

2026 жылғы 23 тамызда Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлау өтеді.

Сайлау учаскесінде сол сайлау учаскесіндегі тізімге енгізілген сайлаушылар, сондай-ақ есептен шығару куәліктерін ұсынған адамдар жеке басын куәландыратын құжатын көрсетуі бойынша дауыс бере алады.

Әр сайлаушы жеке дауыс береді.

Сайлау бюллетені жасырын дауыс беруге арналған кабинада өзі жақтап дауыс беретін саяси партия атауының оң жағындағы бос шаршыға не «Бәріне қарсымын» деген жолдағы бос шаршыға белгі қою арқылы толтырылады.

Бюллетеньді өз бетінше толтыруға мүмкіндігі жоқ сайлаушы өзі сенетін және оның тегі дауыс бергеннен кейін сайлаушылардың тізіміне енгізіліп, тұсына сайлаушының бюллетень алғандығы жөнінде қолы қойылатын адамның көмегін пайдалануға хақылы.

Мыналар ондай адам болуға тиіс емес: сайлау комиссиясының мүшесі, жергілікті өкілді немесе атқарушы органның лауазымды адамы, кандидаттың сенім білдірген адамы, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілі, тиісті сайлау комиссиясында тіркелген байқаушы.

Толтырылған бюллетеньді сайлаушы дауыс беруге арналған жәшікке салады.

Қазақстан Республикасының
Орталық сайлау комиссиясы

ПОРЯДОК ГОЛОСОВАНИЯ НА ВЫБОРАХ ДЕПУТАТОВ КУРУЛТАЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

23 августа 2026 года состоится выборы депутатов Курултая Республики Казахстан.

На избирательном участке голосуют избиратели, включенные в список избирателей на данном избирательном участке, а также лица по открепительному удостоверению по предъявлении документа, удостоверяющего личность.

Каждый избиратель голосует лично.

Избирательный бюллетень заполняется в кабине для тайного голосования путем проставления отметки в пустом квадрате справа от наименования политической партии, за которую он голосует, либо в пустом квадрате в строке «Против всех».

Избиратель, не имеющий возможности самостоятельно заполнить бюллетень, вправе воспользоваться помощью лица, которому он доверяет и фамилия которого после голосования заносится в список избирателей рядом с росписью избирателя в получении бюллетеня.

Этим лицом не могут быть: член избирательной комиссии, должностное лицо местного представительного или исполнительного органа, доверенное лицо политической партии, представитель средств массовой информации, наблюдатель, зарегистрированные в соответствующей избирательной комиссии.

Заполненный бюллетень опускается избирателем в урну для голосования.

Центральная избирательная комиссия
Республики Казахстан

«ДАУЫС БЕРУ УЧАСКЕСІН ҚАЛАЙ ТАБУҒА БОЛАДЫ?»

2026 жылғы 23 тамызда өтетін Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлауда дауыс беру үшін Қазақстан Республикасының азаматтары өз учаскесін келесі тәсілдер бойынша таба алады:

1. Жеке сәйкестендіру нөмірін (ЖСН) енгізу арқылы онлайн-сервистердің көмегімен;



www.gov.kz/sailau sailau.gov.kz sailau2026.gov.kz

2. Тұрғылықты жері бойынша тиісті елді мекен әкімдігінің Call-орталығына хабарласу арқылы. Call-орталықтардың нөмірлері әкімдіктердің интернет ресурстарында қолжетімді;

3. Сайлаушыға арналған дербес шақыруда орналастырылған QR-кодты пайдалану арқылы.

Қазақстан Республикасының Орталық
сайлау комиссиясы

«КАК НАЙТИ УЧАСТОК ДЛЯ ГОЛОСОВАНИЯ?»

Для голосования на выборах депутатов Курултая Республики Казахстан, которые состоятся 23 августа 2026 года, граждане Республики Казахстан могут найти свой участок следующими способами:

1. С использованием онлайн-сервисов посредством ввода индивидуального идентификационного номера (ИИН);



www.gov.kz/sailau sailau.gov.kz sailau2026.gov.kz

2. Посредством обращения в Call-центр акимата соответствующего населенного пункта по месту жительства. Номера Call-центров доступны на интернет-ресурсах акиматов;

3. С использованием QR-кода, размещенного в персональном приглашении избирателю.

Центральная избирательная комиссия
Республики Казахстан

Қымбатты оқырман!

Баспасөзге жазылу науқаны аяқталғанымен, 2026 жылдың қалған айларына редакция арқылы облыстық және аудандық газеттеріне жазылу жалғасады.

Kaspi қосымшасы арқылы тек жазылым ақысын ғана емес, сонымен қатар ақылы қызметтердің де төлемін жасауға болады.

Қосымша ақпаратты
8 71136 91756 нөміріне алуға
болады



Редакция арқылы қашықтан төлем жасау жолы

1) WhatsApp арқылы 8-747-385-25-23 нөміріне хабарласып, төлем жасайтыныңызды хабарлау қажет

2) Содан кейін сіздің нөміріңізге қашықтан төлем жасауға сілтеме жіберіледі.

3) Сол сілтеме арқылы Kaspi немесе Halyk банктің мобильді қосымшасына өтіп, тиісті қаражатты енгізіп, төлем жасайсыз.

4) Төленген чекті 8-747-385-25-23 нөміріне жазылушының аты-жөні, жазылған газеттің атауын, ақылы қызмет түрін көрсетіп кері жолдайсыз.

Тілсіз жауға қойылды бекем қалқан

Құрайлысай ауылдық округінің Жұбан ауылында өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытында маңызды қадам жасалды. Ауылда жаңа өрт сөндіру бекеті пайдалануға беріліп, төтенше жағдай кезінде тілсіз жауға қарсы жедел әрекет етуге мүмкіндік артты. Енді ауыл мен оның маңындағы елді мекендерде өртті сөндіру, төтенше жағдай орын алған жерге дер кезінде жету және азаматтардың өмірі мен мүлкін қорғау жұмыстары жаңа деңгейде жүргізілмек. Айта кетейік, «Ауыл құтқарушысы» бағдарламасы аясында бой көтерген бұл ғимарат – республикамызда 232-бекет.



Жаңа нысанның ашылу салтанатына облыстық төтенше жағдайлар департаментінің бастығы, полковник Жанболат Жаншин, аудан әкімі Мұрат Сердалин, төтенше жағдайлар саласының қызметкерлері, ауыл ақсақалдары мен тұрғындар қатысты.

Шарада сөз алған Жанболат Жасқайратұлы жаңа бекеттің орталықтан шалғай елді мекендердегі өрт қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі маңызына тоқталды.

– Тілсіз жау өршіген кездегі ең басты фактор – уақыт. Бірер минуттың өзі адам өмірі мен мүлкін сақтап қалуда, табиғи байлығымызды қорғауда шешуші рөл атқарады. Сондықтан елді мекенге жақын жерде қажетті техникасы мен жабдығы бар өрт сөндіру бекетінің болуы – қауіптің алдын алудағы маңызды тетік. Шалғай ауылдардағы қауіпсіздік мәселесін күшейту – Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмаларының бірі. Ауыл көркейе берсін, – деді ол.

Аудан әкімі Мұрат Сердалин де тілсіз жауға қарсы бекем қалқан болатын бұл бекеттің ең алдымен тұрғындардың қауіпсіздігі үшін қажет екенін атап өтті.

– Тілсіз жаудың қай тұстан келетінін, тәуліктің қай мезгілінде тап беретінін ешкім болжап біле алмайды. Сондықтан төтенше жағдайға мейлінше дайын болу, қажетті техниканы дер кезінде жұмылдыру аса

маңызды. Жаңа нысанда қызмет атқаратын мамандарға жауапты жұмыстарына табыс тілеймін, – деді аудан әкімі.

Ауыл үшін қуанышты жаңалықтың бірі – дәл осы күні бекетке жаңа қызметтік автокөліктің кілті табысталды. Заманауи техника – өрт немесе басқа да төтенше жағдай орын алған жерге жедел жетіп, қажетті жұмыстарды дер кезінде атқаруда зор көмек. Әсіресе ауылдық жердегі жолдың қашықтығы мен уақыттың тығыздығын ескерсек, арнайы техниканың болуы қауіпсіздікті қамтамасыз етуде үлкен артықшылық екені сөзсіз.

Жаңа нысанның ашылуында ауыл ақсақалы Самархан Досжанов құтқарушыларға ақ батасын беріп, елдің амандығын, ауылдың тыныштығын тіледі. Бұдан кейін жаңа өрт сөндіру бекетінің лентасы қиылып, жиналғандар нысанның ішкі жағдайымен танысты. Заманауи талаптарға сай қажетті құрал-сайманмен жабдықталған бекетте қызметкерлердің тәулік бойы кезекшілік атқаруына, төтенше жағдай кезінде жедел әрекет етуіне барлық жағдай қарастырылған.

Әсем ЕСБЕК

Отбасы – қоғамның берік тірегі. Ал сол шаңырақтың тыныштығы мен бала қауіпсіздігі, әйелдің әл-ауқаты мен қоғамдағы орны қашанда назардан тыс қалмауы тиіс. Бұл – бір ғана мекемеге емес, тұтас қоғамға артылған ортақ міндет.

Шаңырақ шайқалмауы үшін



Апта дүйсенбісінде Облыстық әкімі жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссия мүшелері, атап айтсақ, облыс әкімі аппаратының бас инспекторы, облыстық комиссияның хатшысы Татьяна Rogozina, қоғам белсендісі Диляра Сатарова және арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығының директоры, облыстық комиссия мүшесі Мариэтта Даулетиярова аудан орталығы Чапаев ауылына жұмыс сапарымен келді. Сапар мақсаты – осы бағыттағы жұмыстардың жай-жапсарын зерделеу.

Олар алдымен мемлекеттік қызметшілермен, қоғам белсенділерімен және қиын өмірлік жағдайға тап болған тұрғындарға қолдау көрсетіп жүрген Отбасын қолдау орталығының қызметкерлерімен жүздесті. Кездесуде отбасының беріктігін нығайту, тығырыққа тірелген жанға дер кезінде қолдау көрсету, орталықтың жұмысын халыққа кеңінен насихаттау жайы сөз болды.

Жақсылықты жасау үшін де бірлескен абзал. Бір ғана адамның мәселесін шешу үшін кейде бірнеше саланың үйлескен іс-қимылы қажет. Осы ретте ведомствоаралық байланыс пен мемлекеттік-жекешелік әріптестік арқылы тұрғындарға көрсетіліп отырған қолдаудың маңызы ерекше. Сапар барысында комиссия мүшелері аз қамтылған отбасы мүшелерін белгілі бір кәсіпке баулуға арналған шеберлік сабақтарына қатысып, жұмыс нәтижесімен де танысты.

Меймандардың назарынан тыс қалмаған тағы бір мәселе – бала қауіпсіздігі. Жазғы демалыс кезінде балалардың амандығын қамтамасыз ету, қауіптің алдын алу, ата-ана жауапкершілігі мен тиісті мекемелердің жұмысына пәрмен үстеу мәселелері талқыланып, комиссия мүшелері Ақсуат ауылына барды.

Сапар соңында анықталған мәселелердің түйінін тарқату, тиісті бағыттардағы жұмыстарды күшейту бойынша нақты міндеттер белгіленді.

Рақым БЕРІКҚАЛИ

10 тамыз – қазақтың ұлы ақыны, ойшылы, композиторы Абай Құнанбайұлының туған күніне орай аудан орталығындағы Абай атындағы мектеп-гимназиясында «Ұлы даланың дара данасы Абай» атты салтанатты шара ұйымдастырылды.

Оған аудан әкімі Мұрат Сердалин, ардагерлер, мекеме-бөлім басшылары, ұстаздар, жастар қатысты. Шарада Абай Құнанбайұлының ескерткішіне гүл шоқтары қойылып, ұлы ойшылдың рухына тағзым етілді.

Жиында сөз алған аудан әкімі Мұрат Сердалин Абай мұрасының ұлт руханиятындағы айрықша орнына тоқталды.

– Баршаңызды ұлттық руханиятымыздың ұлы мерекесі – Абай күнімен шын жүректен құттықтаймын! Абайдың мол мұрасы – халқымыздың рухани темірқазығы. Оның шығармалары білімге, ғылымға, адал еңбекке, адамгершілікке, әділет пен ел бірлігіне үндейді. Бүгінде ақын көтерген білім, еңбек, әділет, парасат және елге қызмет ету құндылықтары қоғамымыз үшін өзекті. Сондықтан Абай мұрасын насихаттап, жас ұрпақтың



бойына сіңіру – баршамыздың ортақ міндетіміз, – деді аудан әкімі.

Сондай-ақ ол Абай шығармаларын, әсіресе «Қара сөздерін» жүйелі оқудың жас ұрпақтың дүниетанымы мен рухани қалыптасуындағы маңызына тоқталып, ақын аманатына адал болуға шақырды.

Сондай-ақ Абай атындағы мектеп-гимназиясының қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Ләззат Бисенова ақынның өмірі мен шығармашылық мұрасы туралы баяндама жасады.

Мектеп-гимназия оқушылары Абай өлеңдері мен әндерін орындады.

Ал кітапханашылар Жұбан

орталығында «Қазақтың дара туған данасы» атты әдеби кеш өткізді. Кітапханашы Әнуар Аманжолов жүргізген шарада Хәкім Абайдың шығармашылығы жан-жақты талданып, «толық адам» ілімі хақында ой қозғалды. Ардагер ұстаз Дәулетжан Жақсыбаев Абай өлеңдерін талдап, жас ұрпаққа сөз салмағы туралы қаперлеп, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Максим Үмбеталиев Абайды басшылыққа алып өмір сүрудің маңызын атап өтті.

Әдеби кеште Абай Құнанбайұлының өмірі мен шығармашылығы хақында бейнеролик көрсетіліп, көрермендерге викториналық сұрақтар қойылды. Кітапхана



мамандары Сейілхан Ибраимов пен Ерке Бақтиярова Абай өлеңдерін нақышына келтіре оқып, көрермен ықыласына бөленді.

Дәл осы мереке күні кеште орталық алаңда өткен қазақтың кемеңгерінің шығармашылығына арналған әдеби-сазды концертке сөздің қадірін ұғынатын көрермен жиналды. Алдымен «Ақжайық маржандары» әжелер ансамблі Абайдың «Желсіз түнде жарық ай» әнін тамылжытып әуелетсе, Арман Шыңғали, Аслан Шаханов, Арман Мақсотов, Теңізбай Нұраш дала ойшылының қалың бұқара болашағы жайында толғамына толы өлеңдерін мәнерлеп оқып берді. Қазақтың ән өнеріне

соны әуез әкелген сазгердің ерек туындысы – «Айттым сәлем, Қаламқас» әні. Сырлы бұл әнді Азамат Ізтілеу мен Нұрәлі Бақытжан орындап, алаңға жиналған көрермен бірге қосыла шырқады. Концерттің дәл қызған шағында сахнаға славян орталығының «Раздолье» хор ұжымы көтеріліп, қалың қазақ жатқа білетін «Көзімнің қарасымен» жұртшылықты тамсандырды.

Өлеңмен өрнектеліп, әуенмен әрленген бұл кеште Абай Құнанбаевтың «Қараңғы түнде тау қалғып», «Бойы бұлғаң» әндерін аудан көркемөнерпаздары орындады.

Азамат ҚАНАПИЯ

Қазақтың кемеңгері Абайға арналды



Тарихы талай ықылым заманға кететін Қарауылтөбе туралы аңыз да, деректер де жетерлік. Атының өзі-ақ жайдан-жай қойылмаған сияқты. Сан ғасырдың қойнауынан күмбірлеген бір дерек – жаугершілік заманда ата-бабаларымыз биік төбеге жауынгерлерден қарауыл қойып, маңайды шолып тұрған дейді. Соған орай Қарауылтөбе атаған екен. Мұны біз баяғыда көнекөз қариялардан да естіп өстік. Батысында толқыны биік жағасына соғып жататын Жайық, күншығыс, солтүстік, оңтүстік беткейлерінде тегістік, жазықтық болғанда, әлгі биік төбе Қарауылтөбе болып шыққаны қисынға келеді ғой. Ал осы аймақтан сақ, ғұн, қыпшақ дәуірінен қалған обалар мен қауымдар кездесетіні де көп жайтты аңғартса керек. Бұл жайлы кезінде Орал педагогикалық институтының ұстазы, тарихшы-ғалым Фаяз Кушаев та археологиялық қазбалар жүргізуге тікелей атсалысып, осындай тұжырымға келіпті. Мен сол ағамыздың алдын көрген шәкіртімін, өлкетанушымын.

Ғалымдардың талмай айтып келе жатқан бұған дейін, яғни сан ғасыр бұрын жер жүзін



топан су басып өткені тарихтан белгілі. Одан біздің өңір де аман қалмаған ғой. Сондықтан сан миллион жыл бұрын біздің жеріміз шалқыған теңіз бен мұхиттың түбінде жатқанын ғалымдар баяғыда дәлелдеп қойған. Бабаларымыз Орал жақ солтүстік бетті «жоғарғы жақ», ал оңтүстік бетті «төменгі жақ» деп атаған. Біздің Алшын аталатын бабаларымызға сулы, нулы, жайылысы мол Жайық өңірі бұйырған. Ал баяғыда жер жәннатындай жайқалып тұрған сол жерімізге көз алартушылар, қызығушылар көп болыпты. Аруақтарынан айналайын, аталарымыз олардан қорғанып, талай қырғын шайқастар мен жойқын жорықтарды бастан кешірсе керек. Толарсақтан саз кеше жүріп, осы жерімізді қорғап қалыпты. Сол бір ереуіл атқа ер салып, етікпен су

Жайықтың Бұқар бетінде (кейде қазақ беті деп те жатады) осыдан жарты ғасыр бұрынғы жылдарда ата жауға қаймықпай қарсы шапқан хас батырларымыздың күмбездеп соққан зираттары, кесенелері алыстан менмұңдалап тұрушы еді. Дәуқара, Айбас, Қармыс, Айтмағамбет сияқты батырларымыздың күмбездерін көре қалдық. Соның айғағындай Бірбармақ мекені төңірегіндегі Жылқыайдар, Ақайдар күмбездерін айтуға болады. Жыланды аталатын жерде ескі қауым бар, сол жерде де қазақтың жауға шапқан небір батырлары жатыр. Жайық өзенінің шығысын жайлаған бабаларымыздың ішінен Байлы-Сұлтансиық, Байбақты руының белгілі тайпасы Тоқсоба бөлімінің

жеткен ұрпақтары еді. Қарауылтөбенің шығысында бұрын Тоқсоба аталған жерде үлкен қорым бар. Сол жерде аталған рудың талай жайсаңдары мәңгілік тыныста.

Қарауылтөбенің солтүстігінде Сүгір, шығысында Жылқыайдар, Ақайдар, Қарақырқа, Жұмаш зираттары, Ақмешіт, Қызылмешіт сынды орындар – әлі жеткілікті зерттелмеген жерлер. Ал мұндай тарихи нүктелер Қарауылтөбенің маңайында көптеп саналады.

Кеңес өкіметі орнағаннан кейін алғашқы кеңшар болып Тайпақ өңірінде құрылыпты. Бүгінде қарауылтөбелік інілерімнің жоғарыда айтып отырған Қарауылтөбе ауылының тарихын кітапқа түсіруге талаптанып жатқанына қуанып жүрмін.

Ауыл әкімі Жәнібек Әбиров ініміз бастап, оны өлкетанушы Нұрлан Сәдір секілді інілеріміз қостап, Қарауылтөбенің қатпарлы тарихын қопара зерттеп жатыр. «Жас келсе, іске» дегендей, олардың туған ауылдарының тарихын кейінгі ұрпаққа қалдыруға кіріскен қадамдарына сауап жазылсын деген тілектемін. Өзім Тайпақ елінің байырғы тұрғыны ретінде өте керек шаруаны қолға алған қарауылтөбелік оғландардың жұмыстарының оңынан орындалуына аталық батамды беремін. Қарауылтөбе ауылы Кеңес заманында КСРО-ның 50 жылдығы атындағы «Орал қаракөл» кеңшары деп аталды ғой. Мен сол кеңшарда партия ұйымын басқарып, тоғыз жыл қызмет атқардым. 64 жыл Калмыковта тұрып, жалпы нобайы елу жылдай еңбек еткендіктен, Тайпақ елінің тарихынан біршама хабарым бар. Жарыққа шыққалы жатқан кітапқа қолымнан келген көмегімді аянып қалып жатқан жоқпын. Мына шағын мақалам – соның бір көрінісі. Өзімнің де өткен күндердің естелігінен, ел-жер тарихынан қалам тербеп қоятын әдетім бар. Соның арқасында 2014 жылы «Қаратай», 2025 жылы «Өз ұям – менің Тайпағым» атты кітаптарым жарыққа шығып, оқырмандар қолында жүр. Сол еңбектерімнен де біраз мәліметтер алуға болады.

Өленғали КЕРЕЙТЕГІ,
өлкетанушы,
Орал қаласы

Биылғы жаз негізінен жаңбырсыз қуаңшылық күйде өтуде. Дала құрап тұр. Сондықтан ауылдағы ағайынның ең алдымен уайымы – кездейсоқ өрт шығып кетпеуі. Уайымның да жөні бар. Шілде бойы жерге тамшы түспей, тамыздың бел ортасына келдік – әлі сол жағдай. Демек, өрт қауіпсіздігіне салғырт қарауға болмайды. Мұны өткен аптада Құрайлысай ауылдық округі аумағында орын алған өрт тағы бір мәрте дәлелдеп берді.

Құрайлысай ауылдық округінің әкімі Бауыржан Сатдықовтың айтуынша, 9 тамыз күні сағат 14:12 шамасында Есенсай ауылдық округіне қарасты Аққұдық қыстағы маңында құрғақ шөп тұтанған. Желдің екпінімен жалын Құрайлысай ауылдық округінің далалық аумағына тараған. Еркін жайылған дала өртің ауыздықтауға бір ғана ауыл азаматтарының күші жетпейтіні түсінікті, сондықтан

Аудан аумағында 3 орман, 15 дала өрті тіркелді



әп сәтте бірнеше елді мекеннің адамдары көмекке жетті. Оқиға орнына өрт сөндіру бекеттерінің қызметкерлері, ауыл құтқарушылары мен еріктілер шықты. Көнеккеткен ауылынан бір трактор, 10 адам, Есенсай ауылдық округінен бір УАЗ автокөлігі мен 8 адам, Құрайлысай ауылдық округінен екі трактор, 30 ерікті жұмылды. Жұбан, Шалқар, Аңқаты ауылдарының құтқарушылары да өртті сөндіруге атсалысты.

Жалын шарпыған аумақтың жалпы көлемі 70 гектарға жеткен. Дегенмен жұмыла әрекет етудің арқасында даладағы өрт сол күні сағат 23:55-те толық сөндірілді. Абырой болғанда, зардап шеккендер жоқ. Материалдық шығын да тіркелмеді.

Аудандық төтенше жағдайлар бөлімінің аға анықтаушысы, азаматтық қорғау аға лейтенанты Қайрат Финуллиннің мәліметінше, биыл аудан аумағында 15

дала жануы және 3 орман өрті тіркелген. Бұл – өрт қауіпсіздігіне немқұрайлы қарауға болмайтынын аңғартатын нақты көрсеткіш.

Жаздың қуаң әрі ыстық болуы өрт қауіпін күшейтіп отыр. Құраған шөп пен өсімдік жамылғысы тез тұтанатындықтан, кішкентай ғана ұшқынның өзі әп-сәтте үлкен өртке айналуы мүмкін. Сондықтан бұл жерде сақтық шараларының қарапайым болғанымен, маңызы зор.

– Әсіресе шөп шабу науқаны кезінде техника қауіпсіздігіне мән берген жөн. Шөп шабатын машиналардың қозғалтқышы мен шығару жүйесі қатты қызса, құрғақ шөптің тұтануына себеп болуы ықтимал. Сол себепті техниканың жарамдылығын алдын ала тексеріп, жанар-жағармайдың төгілмеуін қадағалау қажет. Жұмыс барысында темекі шегуге, ашық от пайдалануға, техника маңына жанғыш заттар қалдыруға болмайды. Орман мен дала алқабында от жаққан кезде де абай болу керек.

Сөндірілмеген темекі тұқылын тастай салу, шыны бөтелке мен басқа да қоқысты қалдыру да өрттің шығуына себеп болуы мүмкін, – дейді Қ.Финуллин.

Ең бастысы, шағын болса да, өртті байқаған адам оның өз аумағына қатысы бар-жоғына қарамастан, дереу 112 нөміріне хабарлауы тиіс. Хабар жай түссе, жалынның таралу аумағы бірнеше есеге ұлғаюы мүмкін екенін ұмытпау керек.

Құрайлысайдағы өрттің дер кезінде ауыздықталуына ауыл тұрғындары, еріктілер мен құтқарушылардың бірлескен әрекеті себеп болды. Соңы жақсы аяқталған бұл оқиыс оқиға ел болып жұмылсақ, ауызбіршілікте болсақ, тілсіз жауға төтеп бере алатынымызды көрсетіп тұр. Десе де өртпен арпалысқаннан гөрі, оның алдын алған әлдеқайда оңай. Тілсіз жауды болдырмау үшін қарапайым қауіпсіздік қағидаларын сақтау қажет екенін ескертеді төтеншеліктер.

Әсия ШЫРАЙ



Ортақ таңдау. Ортақ міндет

Ел тағдырын таразылайтын сәттер болады. Сайлау – сондай сәттің бірі. Өйткені дауыс беру – азаматтың өз таңдауын білдіріп, елдің ертеңіне деген көзқарасын танытатын жауапты қадам.

2026 жылғы 23 тамызда Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлау өтеді. Бұл – еліміздің қоғамдық-саяси өміріндегі елеулі оқиғалардың бірі. Соңғы жылдары Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен жүзеге асып жатқан саяси реформалар елдің сайлау жүйесіне де жаңаша серпін берді. Сайлау заңнамасы кезең-кезеңімен жетілдіріліп, оның басты мақсаты айқындалды. Ол – сайлау үдерісінің ашықтығы мен әділдігін қамтамасыз ету, азаматтардың еркін таңдауына мүмкіндік жасау, сайлауға қатысушылардың бәріне тең жағдай тудыру. Бұл өзгерістердің сыртқы көрінісінен гөрі, ішкі мәні маңызды. Халықтың сайлау институтына сенімі артса, азамат өз дауысының ескерілетініне көз жеткізсе, бұл – әлбетте, демократиялық қоғамның нығайғанының белгісі.

Құрылтай депутаттарын сайлау да осы жаңғыру үдерісінің маңызды кезеңдерінің бірі болмақ. Сайлау науқаны ҚР Конституциясы мен «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заң талаптарына сәйкес ұйымдастырылып, заңдылық, ашықтық және жариялылық қағидаттары негізге алынады.

Сайлауалды үгіт жұмыстары да заң шеңберінде жүргізілуде. Аудан бойынша үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін 48 арнайы орын белгіленді. Ал кандидаттардың сайлаушылармен кездесулер өткізуіне 41 нысан айқындалды. Бұл туралы тиісті ақпарат аудан әкімдігінің ресми интернет-ресурсында және аудандық газет бетінде жарияланды.

Үгіт жұмысының тәртібі де заңмен нақты белгіленген. Саяси партиялардың сенім білдірген адамдарын облыстық сайлау комиссиясы тіркейді. Яғни партия атынан сайлауалды үгіт-насихат жұмыстарын тек ресми тіркеуден өткен, сенім білдірілген адамдар ғана жүргізе алады. Заңда көрсетілмеген өзге тұлғалардың мұндай жұмысқа араласуына жол берілмейді.

Дауыс беру барысының ашықтығы мен заң талаптарының сақталуын отандықтармен қатар халықаралық байқаушылар да назарда ұстайды. Атап айтқанда, Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымының (ЕКЫҰ/ОБСЕ) миссиясы, басқа да халықаралық ұйымдар мен шет мемлекеттердің өкілдері сайлау науқанына бақылау жүргізбек. Бұл сайлау үдерісінің халықаралық демократиялық стандарттарға сай өтуіне қаншалықты мән беріліп отырғанын көрсетеді.

Дегенмен сайлаудың мәні заңда белгіленген тәртіппен ғана өлшенбейді. Оның шын бағасы азаматтың өз таңдауына деген жауапкершілігінде. Әрбір таңдау азаматтың қоғам алдындағы ұстанымы екенін ұмытпауымыз керек.

Сондықтан 23 тамызда сайлау учаскесіне барып, дауыс беруге барша жерлестерімді шақырамын. Таңдау жасау – сенің құқығың.

Светлана СТАРМАУСОВА,
аудандық аумақтық сайлау комиссиясы
төрағасының орынбасары



Для избирателей созданы все условия

Впреддверии важного для страны политического события, выборов депутатов Курултая, на избирательных участках идет подготовка к голосованию. Главная задача – создать для каждого гражданина необходимые условия, чтобы он мог свободно, спокойно и без каких-либо препятствий выразить свою волю.

Наш избирательный участок №24 расположен в здании средней общеобразовательной школы №1 в селе Чапаево. Работу участка обеспечивают семь членов участковой избирательной комиссии.

Выборы – это момент, когда каждый гражданин получает возможность выразить свою позицию. Поэтому важно не только правильно подготовить помещение, но и обеспечить избирателя всей необходимой информацией. На участке №24 этому вопросу уделено особое внимание. Здесь каждый пришедший на голосование сможет проверить себя в списке избирателей. При необходимости ему разъяснят порядок включения в список, получения открепительного удостоверения и проведения голосования. На информационных стендах также размещены сведения о выборах и образец избирательного бюллетеня.

Для того чтобы человек мог сделать свой выбор самостоятельно и тайно, на участке установлены кабины для

голосования, стационарные и переносные избирательные урны. Подготовлены рабочие места для членов участковой комиссии, предусмотрены места для наблюдателей, представителей средств массовой информации и доверенных лиц.

Особое внимание уделено тому, чтобы голосование было доступным для всех. Для людей с инвалидностью на участке предусмотрены пандусы, тактильные указатели, кнопка вызова и другие необходимые средства безбарьерной среды.

Для избирателей с нарушением зрения оборудована специальная кабина. В информационном уголке имеются трафарет для самостоятельного заполнения бюллетеня, аудио- и видеоматериалы, лупа и дополнительная лампа. Все эти, на первый взгляд, небольшие детали имеют большое значение. Ведь каждый человек, независимо от состояния здоровья, должен иметь возможность реализовать свое конституционное право и сделать выбор самостоятельно.

При подготовке участка особое внимание уделено и соблюдению тайны голосования. Все необходимое оборудование размещено таким образом, чтобы избиратель мог без постороннего вмешательства заполнить бюллетень и опустить его в избирательную урну.

Голосование – это не просто процедура. За каждым бюллетенем



стоит мнение конкретного человека, его гражданская позиция и отношение к будущему страны. Поэтому наша задача – сделать так, чтобы каждый, кто придет на избирательный участок, чувствовал себя спокойно, уверенно и мог свободно выразить свою волю.

Выборы депутатов Курултая – важное событие в политической жизни Казахстана. И каждый голос здесь имеет значение. Наша задача – обеспечить открытый, прозрачный и законный избирательный процесс, в котором право каждого гражданина на свободное волеизъявление будет соблюдено.

Татьяна ДАРКЕНОВА,
председатель
избирательного участка №24

Ел болашағын бірге айқындайық

Мен Бударин ауылында орналасқан №3 сайлау учаскесінде жиырма жылға жуық уақыт учаскелік сайлау комиссиясының құрамында еңбек еттім. Осы жылдар ішінде ел өміріндегі талай саяси науқанның куәсі болып, олардың ұйымдастырылуы мен өтуіне өз үлесімді қостым. Сондықтан сайлау учаскесіндегі жұмыс мен үшін еңбек жолымның бір бөлігіне айналды, жауапкершілігі мен салмағын тереңінен түсіндім.

Жиырма жылға жуық уақыт – әрине, аз мерзім емес. Осы кезеңде сайлау жүйесінде болған талай өзгерісті өз көзіммен көрдім. Бұрынғы кезең мен бүгінгі күнді салыстырсақ, ең алдымен сайлау үдерісін ұйымдастыруға, азаматтарды ақпараттандыруға, комиссия мүшелерінің кәсіби дайындығына және сайлаушылар үшін қолайлы жағдай жасауға қойылатын талаптардың артқанын байқаймыз.

Бүгінде сайлау учаскелерінде азаматтардың өз таңдауын еркін білдіруіне қажетті жағдайдың бәрі қарастырылған. Дауыс берудің тәртібі түсіндіріледі, ақпарат қолжетімді. Комиссия мүшелерінің жұмысын сапалы атқаруына да мүмкіндік мол.

Сайлау жүйесі өзгерген сайын оны ұйымдастыратын адамдарға қойылатын талап та өзгереді. Осыны ескеріп, аудандық және облыстық сайлау комиссиялары тарапынан учаскелік комиссия мүшелеріне тұрақты түрде оқыту семинарлары өткізіліп келеді. Заңнамадағы өзгерістер мен



жаңашылдықтар түсіндіріліп, әрбір науқан алдында теориялық білім мен тәжірибелік дағдыны жетілдіруге мән беріледі. Бұл өз кезегінде сайлау барысындағы жауапкершілікті терең түсінуге, жұмысты заң талаптарына сай әрі сапалы атқаруға үлкен септігін тигізеді.

Өзім осы салада ұзақ жыл еңбек еткендіктен, кейінгі буын комиссия мүшелері кеңес сұрап хабарласқанда, білгенімді айтып, тәжірибеммен бөлісуге тырысамын. Өйткені тәжірибе – уақытпен келетін дүние. Ал оны кейінгіге жеткізу – аға буынның міндеті. Сайлау комиссиясының әр мүшесі өз жұмысына жауапкершілікпен қарап, заң талабын жетік білсе ғана сайлау үдерісіне деген сенім де беки түседі.

Алда 23 тамызда өтетін Құрылтай депутаттарын сайлау

тұр. Заң шығарушы органның жаңа саяси институт ретінде қалыптасуы жағдайында әр азаматтың өз таңдауына жауапкершілікпен қарауы айрықша мәнге ие деп ойлаймын.

Әсіресе жастардың қоғамдық-саяси өмірге белсенді араласқаны жөн. Себебі елдің ертеңі туралы сөз қозғағанда, ең алдымен сол ертеңді жасайтын буынның азаматтық ұстанымы ойға келеді. Сайлауға қатысып, өз таңдауын жасау – жастардың да қоғам өміріне араласуының бір жолы. Ауыл тұрғындарымен кездескенде де осыны айтып жүремін. Сайлауға неліктен қатысу керектігін түсіндіруге, әр адамның дауысы маңызды екенін, оның ешкімнен кем еместігін жеткізуге тырысамын. Кейбіреулер сұрайды: «Менің дауысым нені өзгертеді?». Бұл тіптеп қате түсінік. Сайлау дегеніміз – миллиондаған азаматтың жеке-жеке таңдауының тоғысып, елдің ортақ бағытын айқындайтын маңызды науқан.

Сайлау үдерісі жыл өткен сайын жетіліп, заман талабына бейімделіп келеді. Бірақ қандай өзгеріс енгізілсе де, оның нәтижесі ең алдымен адамға байланысты. Комиссия мүшесі өз міндетін адал атқаруы керек. Сайлаушы өз құқығын білуі керек, әрі өз таңдауына жауапкершілікпен қарауы керек. Себебі оның бүгінгі таңдауы ертеңгі күнге әсер етеді.

Хамит САҚАУОВ,
учаскелік сайлау
комиссиясының ардагері
БУДАРИН

Тайпақтықтар белсенділігінен танбайды

Сайлауға қатысу белсенділігі қоғамдағы саяси мәдениеттің деңгейін көрсетеді. Дауыс беру арқылы әрбір азамат мемлекет дамуына бейжай қарамайтынын, елдегі өзгерістерге үлес қосуға дайын екенін білдіреді. Демек, маңызды шешім қабылдайтын сәттегі электораттың белсенділігі сайлау нәтижелерінің халықтың шынайы еркін көрсетуіне ықпал етеді.



Біздің 28-сайлау учаскесі бойынша ел үшін елеулі науқандарда белсенді қатысатын отбасылар бар. Ауыл үлкендері әр сайлау сайын барлық отбасы мүшелерімен түгел ертемен келіп өз таңдауларын жасайды. Жастардың да ел болашағы үшін өз таңдауларын жасауы артып келеді.

Сайлауға қатысу белсенділігін арттыру үшін тұрғындарды ақпараттандыру, жастардың құқықтық сауаттылығын көтеру, сайлау рәсімдерінің ашықтығы мен заң талаптарының сақталуын қамтамасыз ету ерекше маңызға ие. Комиссия мүшелері осы жұмыстарға қазірден бастап кірісіп, өз жұмыстарын нәтижелі атқаруда. Осылайша әрбір азамат сайлау тәртібін, өз құқықтары мен міндеттерін жете ұғынып, оның сайлау әділдігіне сенімі нығая түседі.

Еліміздің тұрақты дамуы мен өркендеуі әр азаматтың белсенді ұстанымына байланысты. Сондықтан дауыс беру – болашаққа жауапкершілікпен қарайтын азаматтың саналы таңдауы. Сол арқылы сіз әділ, ашық әрі демократиялық қоғамның қалыптасуына өз үлесіңізді қосасыз.

Бекзат ИМАНФАЛИЕВА,
№28 учаскелік сайлау комиссиясының төрағасы

Тамыздың 23 жұлдызы Құрылтай депутаттарының сайлауы өтетінінен қоғам түгел хабардар. Еліміз үшін тағдыршешті осы науқанды насихаттау, тұрғындарға маңызын түсіндіру ісіне ауданымыздағы жас сайлаушылар клубы да өз үлесін қосып жатыр. Бүгінде аталмыш клубтың құрамында 23 жас бар. Негізгі мақсаты жастардың құқықтық сауаттылығын арттыру, сайлау мәдениетін қалыптастыру және олардың азаматтық жауапкершілігін нығайту болғандықтан, клуб мүшелері халық көп шоғырланатын орындарда сайлауға қатысты ақпараттық материалдарды орналастырып, тұрғындардың сайлау науқаны туралы жан-жақты хабардар болуына қызмет етуде. Бұл жұмыстар азаматтардың сайлау үдерісі жөніндегі ақпаратқа қолжетімділігін қамтамасыз етуге және олардың құқықтық сауаттылығын арттыруға бағытталған.

Жастар қазір әлеуметтік желіні белсенді қолданады. Сондықтан клубтың Instagram парақшасы арқылы да ақпараттық жұмыстар үздіксіз

Жастардың ісі жаңа бастамалардан көрінеді



жүргізілуде. Парақшада сайлау үдерісіне қатысты маңызды мәліметтер, ақпараттық материалдар, инфографикалар, пайдалы жадынамалар және заманауи форматта қысқа бейнероликтер жарияланып келеді. Бұл тәсіл жастардың ақпаратты жеңіл әрі қолжетімді форматта қабылдауына мүмкіндік беретіні анық. Әлеуметтік желі арқылы жүргізіліп жатқан жұмыстар сайлау мәдениетін арттыруға, жастардың қызығушылығын

оятуға және азаматтардың сайлау туралы дұрыс әрі нақты ақпарат алуына ықпал етеді деген сенімдемін.

Сонымен қатар жастар және алғаш рет дауыс беретін азаматтармен кездесулер өткізуді жоспарлап отырмыз. Клуб мүшелері учаскелік сайлау комиссияларына шақыру қағаздарын толтыру және оларды тұрғындарға жеткізу жұмыстарына қолдау көрсетуде. Қоғамдық орындарда ақпараттық материалдарды орналастыру, жадынамаларды тарату, әлеуметтік желілерде түсіндіру контенттерін жариялау және сайлауға қатысты ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын да әлі де жалғастыра береміз.

Ел ісіне араласу, мемлекет болашағының тағдырын шешу, соған ықпал жасау – біздің бәрімізге тәуелсіздік беріп тұрған сыйдың бірі. Сен өз пікіріңді білдіріп қана қоймайсың, Отаныңның ертеңгі өтетін жолын да айқындауға әсер етесің. Осыны сезінудің өзі абырой емес пе?!

Бақтияр ҚАЛИЕВ,
аудандық жас сайлаушылар клубының төрағасы

Бір ниетпен, бірлікпен атсалысайық

Біздің Қазақстан бүгінде терең жаңғыру дәуірінде. Өткен 1 шілдеде жаңа Ата заңымыздың күшіне енуімен мемлекеттік және қоғамдық дамудың тың конституциялық кезеңіне қадам бастық. Яғни, мақсаты да, мағынасы да бұрынғыдан әбден өзгеше, адамды ең жоғары конституциялық құндылық ретінде танудың жолындамыз. Бұл ретте қазақ қоғамының құқықтық тарихы ерекше ескеріліп отыр. Жұртымыздың құқықтық дәстүрінде адам өмірі мен ар-намысына деген құрмет айрықша орын алғаны жылнамамыздан мәлім. Бүгінгі құқықтық жүйемізді дамытуда дала демократиясының қағидалары мемлекет пен қоғамның байланысын нығайтудың берік кепіліне айналуда.

Еліміз 23 тамыз – Құрылтай депутаттарының сайлауын осындай айтулы ахуалда қарсылауда. Осы сайлау жаңа Ата заңымыздың жүзеге асуындағы ең институционалдық шара болып табылады. Парламенттік реформа жөнінде біраз жылдан бері айтылып жүргендіктен, билік пен халық арасында ашық, шынайы диалог жүргізіліп, тағдырлы мәселеге орай бекем тоқтамға келгендіктен, аталған күні дауыс беруге ниеттілер қатары барған сайын өсетіні кәміл. Мұны электоралдық таңдаулар,



тиісті зерттеулер көрсетуде. Электораттық науқан қызықты, мазмұнды сәттерге бай. Сайлау органдары науқанның кезеңдерін заңнамаға қатаң сәйкес өткізіп, әділетті бәсекелестікті қамтамасыз ету үшін барлық жағдайды жасауда. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев былтырғы қыркүйектегі «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Жолдауында жаңа саяси реформа туралы ойын ортаға салып, көп ұзамай бір палаталы, тек қана партиялық тізім бойынша сайланатын Парламент құру туралы бастама көтергеннен мемлекеттік жүйемізде соны серпіліс келе жатқанын қазақстандықтар жақсы сезінді. Жалпы, соңғы жеті жылға таяу уақыттағы ауқымды реформалар халқымыздың құқықтық

мәдениетін көтерді, қоғамдық болмысымыз өзгере бастады.

Бұдан былай саясат сахнасына Құрылтай атауымен енетін бір палата құрамына партиялардың үміткерлер тізімін бекітуінен, сайлауалды саяси бағдарламаларынан ел мүддесін жоғары ұстауды, заңға бағынатын, стратегиялық ойлай алатын, қарымды іске ұмтылысты көріп отырмыз. Араларында алғыр жастар қатары да байқалады. Ізденетін, талдайтын, қоғамдық-саяси жағдайға қатысты көзқарастары салмақты жас лек егемендігіміздің тұғырын нығайтып, сапалы білім, дамыған ғылым, инновация және әлемдік деңгейде бәсекеге қабілеттілік үшін аянбасы сөзсіз.

Келіп қалған сайлау жаңа конституциялық модельдің алғашқы тәжірибелік сынағы болады деген саясаткердің пікірі өте дұрыс деп есептеймін. Сондықтан Құрылтай сайлауының табысты өтуіне біздің аудан сайлаушылары да ынты-ықыласпен атсалысары шүбәсіз. Бұл біз мақсат еткен Әділетті Қазақстан үшін, дәулетіміздің молаюы үшін, заң мен тәртіптің үстемдігі үшін, жас ұрпағымыздың бақыты үшін дауыс беру деген сөз. Осындай бір ниетпен, бірлікпен атсалысайық.

Қайыржан ЕЛЕШЕВ,
еңбек ардагері,
ЖАМБЫЛ

Бағытымыздың баяндылығы үшін

Еліміздегі барлық бетбұрыс, жаңару, саяси реформалар сенімді бағытта екенімізді көрсетуде. Конституциялық шешімдерді іздестірудің күрделі де жауапты үдерісі «Біз қандай ел боламыз?» деген стратегиялық сұраққа жауап беріп отыр. Осы ретте 23 тамыздағы сайлаудың еректігі орасан. Бағытымыздың баяндылығы үшін бұл күннің жөні айрықша.


Жүргізіліп жатқан саяси және конституциялық реформалардың түпкі мақсаты – құқық үстемдігін қуаттандыру, мемлекеттік институттардың тиімділігін арттыру, ел азаматтарының мемлекетке деген сенімін күшейту. Мұнда бағдарламалары сапалы, қоғам сұранысына жауап беретін, сараптамалық әлеуеті мығым партиялардың орны ерекше. Ұрандармен ғана шектелетін заман өтті. Нақты міндеттер орындалып, оның жемісі көрінуі керек. Міне, ертеңгі сайлауда идеяларға, құндылықтарға, оны жүзеге асыра алатын командаға таңдау жасаймыз.

Талай жыл бойына Қазақстанның игілігі табиғи ресурстармен таразыланып келді. Биылғы 15 наурызда қабылданған жаңа Конституциямыз ұлттық байлықтың соны өлшемін тура айқындады. Яғни, елдің басты байлығы – адам. Табиғи ресурс түпсіз емес. Ал білімнің жөні мүлдем бөлек. Сондықтан Ата заңымызда алғаш рет білімге, ғылымға, мәдениетке, технологияға және өмір бойы білім алуға басымдық берілді. Ертеңгі сайлауда өркениеттің осындай өрісі үшін дауыс береміз.

Бұрында бізде құқықтарымыз жайында басым баяндалып, басым көрсетілетін. Енді құқықтарымызбен бірге қоғам алдында жауапкершілігіміз де Негізгі заңымызда айқын белгіленген. Іргетасын «Әділетті Қазақстан» идеясы мен «Заң мен тәртіп» қағидасы құрайтын Ата заңымыздан жоғары азаматтық жауапкершілікті көру қиын емес. Жас ұрпақ тәрбиесі, отбасының жарқын тағдыры, экологиялық жаңғыру, құқықтық мәдениет, ортаның әр мүлкіне жанашырлық – бәрі-бәрі өмір салтымыз болуға тиісті. Қазір жауапкершілікті патриотизмнің осындай маңызы тіпті артып отыр. Отанды сүю тек сөзбен емес, еңбекқорлыққа, заңға жүгінуден, өз құқықтары мен міндеттерін білумен, қоғам алдындағы парызды сезінуден көрінеді. Құрылтай сайлауында осы үшін дауыс береміз.

Біздің Қазақстанның көптеген табысы жер жүзіне аян. Экономикада өсім бар. Инвестиция үшін ең қауіпсіз мемлекеттер қатарындағы орнымыз нығаюда. Технологиялық жаңғыруға байланысты стратегиялық бағыт пен бастамалардың кешенді жоспары жүзеге асырылуда. Цифрлық серпін жөнінде еліміз үздіктер қатарында. Біз мақтан тұтатын жетістіктер жоталанып, жарқырай түскей.

Құрылтай сайлауында осы үшін даусымызды береміз.



Самат ТӨЛЕГЕНОВ,
зейнеткер
ҚАРАУЫЛТӨБЕ

Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлауын өткізу жөніндегі
Ақжайық ауданының сайлау учаскелеріндегі дауыс беру орны мен уақыты туралы
ХАБАРЛАМА

№	Сайлау учаскесінің нөмірі	Дауыс беру орны	Дауыс беру уақыты
1	№1	Ақсуат ауылы, Ақжайық көшесі №26А, С.Ошанов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі ғимараты	2026 жылғы 23 тамыз сағат 07.00-ден 20.00-ге дейін
2	№2	Ақбұлақ ауылы, Бірлік көшесі № 1, ауылдық кітапхана ғимараты	2026 жылғы 23 тамыз сағат 07.00-ден 20.00-ге дейін
3	№3	Бударин ауылы, Сатым Сұпалдияров көшесі № 3У, ауылдық мәдениет үйі ғимараты	2026 жылғы 23 тамыз сағат 07.00-ден 20.00-ге дейін
4	№4	Коловертное ауылы, А.Щурихин көшесі № 2У, ауылдық клубы ғимараты	2026 жылғы 23 тамыз сағат 07.00-ден 20.00-ге дейін
5	№5	Самал ауылы, Шұғыла көшесі № 10А, ауылдық кітапхана ғимараты	2026 жылғы 23 тамыз сағат 07.00-ден 20.00-ге дейін
6	№6	Жамбыл ауылы, Тәуелсіздік көшесі № 8, ауылдық мәдениет үйі ғимараты	2026 жылғы 23 тамыз сағат 07.00-ден 20.00-ге дейін
7	№7	Бітік ауылы, Таңшолпан көшесі № 2У, Бітік бастауыш мектебі ғимараты	2026 жылғы 23 тамыз сағат 07.00-ден 20.00-ге дейін
8	№8	Үштөбе ауылы, Ынтымақ көшесі № 1У, Үштөбе негізгі орта мектебі ғимараты	2026 жылғы 23 тамыз сағат 07.00-ден 20.00-ге дейін
9	№9	Алғабас ауылы, Орталық көшесі № 1, ауылдық мәдениет үйі ғимараты	2026 жылғы 23 тамыз сағат 07.00-ден 20.00-ге дейін
10	№11	Тегісжол ауылы, Қадыр Мырзалиев көшесі № 17, Тегісжол бастауыш мектебі ғимараты	2026 жылғы 23 тамыз сағат 07.00-ден 20.00-ге дейін
11	№12	Жаңажол ауылы, Қаламқас Орашева көшесі № 64, ауылдық клубы ғимараты	2026 жылғы 23 тамыз сағат 07.00-ден 20.00-ге дейін
12	№14	Тоған ауылы, Ынтымақ көшесі № 33, Тоған бастауыш мектебі ғимараты	2026 жылғы 23 тамыз сағат 07.00-ден 20.00-ге дейін
13	№15	Жаңабұлақ ауылы, М.Абатов көшесі № 18Б, ауылдық мәдениет үйі ғимараты	2026 жылғы 23 тамыз сағат 07.00-ден 20.00-ге дейін
14	№16	Ілбішін ауылы, Д.Қонаев көшесі № 23, ауылдық мәдениет үйі ғимараты	2026 жылғы 23 тамыз сағат 07.00-ден 20.00-ге дейін
15	№17	Қабыл ауылы, Бастау көшесі № 7А, ауылдық клуб ғимараты	2026 жылғы 23 тамыз сағат 07.00-ден 20.00-ге дейін
16	№18	Битілеу ауылы, Битілеу көшесі №2, И.Тайманов атындағы негізгі орта мектебі мекемесінің ғимараты	2026 жылғы 23 тамыз сағат 07.00-ден 20.00-ге дейін
17	№19	Тінәлі ауылы, И.Тінәлиев көшесі № 6, Тінәлі негізгі орта мектебі ғимараты	2026 жылғы 23 тамыз сағат 07.00-ден 20.00-ге дейін
18	№20	Мерген ауылы, Абай көшесі № 1У, ауылдық мәдениет үйі ғимараты	2026 жылғы 23 тамыз сағат 07.00-ден 20.00-ге дейін
19	№21	Мойылды ауылы, Абай көшесі № 1У, ауылдық мәдениет үйі ғимараты	2026 жылғы 23 тамыз сағат 07.00-ден 20.00-ге дейін
20	№23	Қабыршақты ауылы, Т.Бокин көшесі № 2, Бітік «мектеп-бөбекжай» кешені ғимараты	2026 жылғы 23 тамыз сағат 07.00-ден 20.00-ге дейін
21	№24	Чапаев ауылы, Жұбан көшесі №52, №1 жалпы орта білім беретін мектебі ғимараты	2026 жылғы 23 тамыз сағат 07.00-ден 20.00-ге дейін
22	№25	Чапаев ауылы, Қазақстан көшесі № 55, Ақжайық аудандық мәдени-демалыс орталығы ғимараты	2026 жылғы 23 тамыз сағат 07.00-ден 20.00-ге дейін
23	№26	Чапаев ауылы, Х.Есенжанов көшесі № 127, Ақжайық аграрлық техникалық колледжі ғимараты	2026 жылғы 23 тамыз сағат 07.00-ден 20.00-ге дейін
24	№27	Жайық ауылы, Қ.Ортаев көшесі № 19А, ауылдық мәдениет үйі ғимараты	2026 жылғы 23 тамыз сағат 07.00-ден 20.00-ге дейін
25	№28	Шабдаржап ауылы, Дәулет Ғұсманов көшесі №175, Хиуаз Доспанова атындағы жалпы орта білім беретін мектебі ғимараты	2026 жылғы 23 тамыз сағат 07.00-ден 20.00-ге дейін
26	№29	Томпақ ауылы, Құлагер көшесі № 30, Краснояр негізгі орта мектебі ғимараты	2026 жылғы 23 тамыз сағат 07.00-ден 20.00-ге дейін
27	№30	Тайпақ ауылы, Бақтығали Бисенов көшесі № 49, спорт кешені ғимараты	2026 жылғы 23 тамыз сағат 07.00-ден 20.00-ге дейін
28	№31	Тайпақ ауылы, Хамит Чурин көшесі № 26, ауылдық мәдениет үйі ғимараты	2026 жылғы 23 тамыз сағат 07.00-ден 20.00-ге дейін
29	№32	Алмалы ауылы, М.Утемисов көшесі №1, ауылдық мәдениет үйі ғимараты	2026 жылғы 23 тамыз сағат 07.00-ден 20.00-ге дейін
30	№33	Атамекен ауылы, Ы.Алтынсарин көшесі № 32А, ауылдық клуб ғимараты	2026 жылғы 23 тамыз сағат 07.00-ден 20.00-ге дейін
31	№35	Жанама ауылы, Орынғали Галымов көшесі №23, ауылдық мәдениет үйі ғимараты	2026 жылғы 23 тамыз сағат 07.00-ден 20.00-ге дейін
32	№36	Сарман ауылы, Майдан Ержанов көшесі № 4, ауылдық кітапхана ғимараты	2026 жылғы 23 тамыз сағат 07.00-ден 20.00-ге дейін
33	№37	Базаршолан ауылы, Қ.Оразов көшесі № 2, ауылдық мәдениет үйі ғимараты	2026 жылғы 23 тамыз сағат 07.00-ден 20.00-ге дейін
34	№40	Базартөбе ауылы, З.Мұхамбетжанов көшесі № 28, ауылдық мәдениет үйі ғимараты	2026 жылғы 23 тамыз сағат 07.00-ден 20.00-ге дейін
35	№41	Қадырқұл ауылы, Бақтығали Бисенов көшесі № 53, Қадырқұл бастауыш мектебі ғимараты	2026 жылғы 23 тамыз сағат 07.00-ден 20.00-ге дейін
36	№42	Қызылжар ауылы, Үкі би көшесі № 1А, Еңбекші бастауыш мектебі ғимараты	2026 жылғы 23 тамыз сағат 07.00-ден 20.00-ге дейін
37	№43	Қарауылтөбе ауылы, Т.Масин көшесі № 6, ауылдық мәдениет үйі ғимараты	2026 жылғы 23 тамыз сағат 07.00-ден 20.00-ге дейін
38	№45	Есенсай ауылы, Тәуелсіздік көшесі № 29, ауылдық мәдениет үйі ғимараты	2026 жылғы 23 тамыз сағат 07.00-ден 20.00-ге дейін
39	№46	Тасоба ауылы, Құлагер көшесі № 23, Тасоба бастауыш мектебі ғимараты.	2026 жылғы 23 тамыз сағат 07.00-ден 20.00-ге дейін
40	№47	Кеңсуат ауылы, Дағар Есеналиев көшесі № 33, ауылдық клуб ғимараты	2026 жылғы 23 тамыз сағат 07.00-ден 20.00-ге дейін
41	№48	Жұбан Молдағалиев ауылы, Сырым Датұлы көшесі № 7, ауылдық мәдениет үйі ғимараты	2026 жылғы 23 тамыз сағат 07.00-ден 20.00-ге дейін
42	№50	Сайқұдық ауылы, Жұбан Молдағалиев көшесі № 1, ауылдық клуб ғимараты	2026 жылғы 23 тамыз сағат 07.00-ден 20.00-ге дейін
43	№51	Көнеккеткен ауылы, Тәуелсіздік көшесі № 8А, ауылдық мәдениет үйі ғимараты	2026 жылғы 23 тамыз сағат 07.00-ден 20.00-ге дейін
44	№52	Қамыстыкөл ауылы, Достық көшесі № 15А, Қамыстыкөл бастауыш мектебі ғимараты	2026 жылғы 23 тамыз сағат 07.00-ден 20.00-ге дейін
45	№160	Чапаев ауылы, К.Меңдәлиев көшесі № 77, Абай атындағы мектеп-гимназиясы ғимараты	2026 жылғы 23 тамыз сағат 07.00-ден 20.00-ге дейін

Ақжайық ауданының аумақтық сайлау комиссиясы

Кеміргіштерден келеді бұл кесел

Бүйрек синдромды геморрагиялық қызбасымен (БСГҚ) сырқаттану жағдайы 2000 жылдан бері Батыс Қазақстан облысы аудандарының тұрғындары арасында тіркеле бастады. Биыл 10 жағдай (оның ішінде 2-і өлім жағдайы) тіркелген. БСГҚ жұқпасы бойынша қолайсыз аудандар Орал қаласы, Бәйтерек, Бөрлі аудандары болып отыр. БСГҚ –хантавирусты қоздырушы, табиғи ошақты өткір жұқпалы ауру. Дене қызуының көтерілуі, іш және бел бөліктерінің ауырсынуы, қан құйылу, қан тамырлары мен бүйректің зақымдалуы –осы ауруға тән белгілер. Бұл дерттің көп жағдайда салдары өте ауыр.

Кеміргіштер арасында вирусты көбінесе жирен тоқалтіс, орман және үй тышқандары таратады. Бүйрек синдромды геморрагиялық қызбасы ауруын адам тірі кеміргіштерден немесе олардан бөлінген нәжісінен жұқтыруы мүмкін. БСГҚ үш жол арқылы жұғады. Біріншісі – тамақ арқылы жұқтыру. Ауру кеміргіштің бөлінділері араласқан тағамдарды немесе суды тамақ дайындауға пайдалану кезінде адамға жұғады. Екіншісінде адамдардың кеміргіштермен жеке қарым-қатынас жасау арқылы тарайды. Үшіншісі – көбінесе ауа және шаң арқылы жұғады. Кеміргіштер ұялаған пішен, сабан қалдықтарды тасу кезінде шаңын жұту арқылы да жұқтырып алуы мүмкін. Еденді, аула айналасын сыпырған кезде көп мөлшерде ауаға көтерілген шаң өте қауіпті. Сондай-ақ, орман, жайылым, шалғындарға барғанда, жұқтырып алуы да ықтимал.

Кеміргіштерден келетін бұл кеселді жұқтырған науқастың дене қызуы 39-40-қа дейін көтеріліп, басы ауырып, әлсіздік, қалтырау секілді белгілер байқалады. Сонымен қатар аурудың терісінде көгеру, нүктелі қан ұю, көзінің қызаруы, мұрнынан және басқа жерлерден қан кетуі мүмкін. БСГҚ ауырған көптеген науқастарда зәр бөлу мөлшері азаяды.

Салдары ауыр осы вирусты жұқтырмас үшін тұратын баспана, қора-қопсылардағы тышқантәріздес кеміргіштердің көзін жою қажет. Барлық үй-жайлар кеміргіштер кіре алмайтындай болуы керек. Тағамдарды, суды қолданар алдында қыздыру, өңдеу, қайнату қажет. Сыпырған кезде шаң болмас үшін жоғары жағына алдын ала су себу керек. Пішен, сабанды тасыған кезде ауызды, мұрынды бет пердесі, орамал, мойын орағышпен жапқан дұрыс. Тоғайға, шабындық жерлерге барғанда, сақ болыңыздар.

Өздігінен ем алу өте қауіпті, сондықтан аурудың алғашқы белгілерін байқаған жағдайда, міндетті түрде медициналық көмекке жүгініңіз.

Айгүл БОРАНОВА,
аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының жетекші маманы

Құрылыста шыңдалған шеберлер

Өткен жексенбіде құрылысшылардың кәсіби мерекесі ел көлемінде атап өтілді. Құрылыс – адамзат баласымен бірге келе жатқан жасампаз кәсіп. Ал құрылысшы – қоғам өміріндегі маңызды мамандықтардың бірі, әрі бірегейі. Ауыл мен қаланың көркеюіне тікелей үлес қосу, әлеуметтік нысандар, зәулім ғимараттар салу – осы құрылысшылардың еңбегінің жемісі.

1983 жылы Қазақ КСР Ауыл шаруашылығы министрлігінің жолдамасымен Тайпақ жеріне алғаш рет табан тіреп, құрылыс саласында еңбек жолымды бастадым. Сол жылдары Тайпақ өңірінде өз ісіне берілген, тәжірибелі майталман құрылысшылармен бірге жұмыс істеп, ауданның маңызды осы саласының дамуына үлес қостық.

Олардың қажырлы еңбегі мемлекет тарапынан түрлі марапаттарға ие болды, дегенмен, ең бастысы, ел жадында сақталып, кейінгі ұрпаққа үлгі болып қалды. Ол кезеңде облыс аумағындағы әрбір кеңшар мен ұжымшарда жеке құрылыс бөлімшелері жұмыс істеді. Бұл бөлімшелер шаруашылық қызметкерлерін тұрғын үймен қамтамасыз етуде үлкен рөл атқарды.

Шаруашылықтардың құрылыс бөлімдері тек күрделі нысандар салумен ғана шектелмей, өз теңгеріміндегі тұрғын үйлер мен қора-жайларға жөндеу жұмыстарын да жүргізді. Сонымен қатар жергілікті құрылыс материалдарын: саман тас, күйдірілген қызыл кірпіш, қамыс плиталары, кесек тас (бут) дайындаумен айналысты.

Тайпақ ауданының құрылыс саласын дамытуда аудандық ауыл шаруашылығы басқармасының құрылыс бөлімінің бастығы Темір Қыздарбаев, аудан сәулетшісі Төлеген Кенжеғалиев, Орал кеңшарының (Октябрьдің 50 жылдығы) прорабтары Ғалымжан Қабиев мен Талғат Аймұратов, Өлеңті кеңшарының прорабы Қуанай Мәжитов, Тайпақ асыл тұқымды қаракөл кеңшарының прорабтары Сәти Дияров мен Есенгелді Құспанов, Есенсай кеңшарының прорабы Смағұл Мәмбешов, Котельников кеңшарының прорабы Жеңіс Қадырғалиев, Краснояр кеңшарының прорабы Серік Рахымберлиев, Базартөбе кеңшарының прорабы Мұхит Макишев, Зауральный кеңшарының прорабы Жасұлан Қадырғалиев, Сайқұдық кеңшарының прорабы Серік Түкістанов сынды

азаматтар ерекше еңбек сіңірді.

Бүгінде олардың көпшілігі арамызда жоқ. Алайда Тайпақ өңірінің қай ауылына барсаңыз да, сол азаматтардың қолтаңбасын айқын көруге болады. Ал ауылдың көнекөз тұрғындарымен әңгімелессеңіз, олардың есімдерін әлі күнге дейін құрметпен, сағынышпен атайтынына куә боласыз.

Айта кетерлік бір жайт, 1988 жылы Қазақ КСР партия басшылығының ұсынысымен «Тұрғын үй – 91» бағдарламасы қабылданып, әр шаруашылыққа жыл сайын кемінде 20 тұрғын үй салу міндеті жүктелді. Бұл міндет Тайпақ ауданындағы құрылысшылардың, әсіресе прорабтардың ұйымшылдығы мен жауапкершілігінің арқасында толық орындалды. Сол кезеңде Есенсай кеңшарының прорабы Смағұл Мәмбешов ағамыз республика көлемінде алдыңғы орын алып, аудан абыройын асқақтатқаны әлі күнге дейін ел есінде.

Сондай-ақ, Тайпақ ауданы орталығында Марат Серікбаев ағамыз көп жыл басқарған ПМК-810 құрылыс мекемесі жұмыс жасады. Ол мекеменің қызметкерлері аудан аумағында ірі құрылыс жобаларын (мектеп, аурухана, мәдениет үйлері және т.б әлеуметтік нысандар) салуда өз қолтаңбаларын қалдырды. Ұжымның бас инженері Нұрлан Жанұров, құрылыс бөлімінің бастығы Фазыл Қәкімов, шеберлер Сәуірбай Хайруллин, Рахметолла Әжігереев, қойма меңгерушісі Мақым Шарафиев сынды азаматтар өз істерінің шеберлері болатын. Тайпақ өңірі елді мекендерін газдандыру жұмыстарында үлкен қажырлы іс атқарған «Нұржан» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі директоры Әлжан Досмақов ағамыздың да еңбегін ерекше атап өткен жөн.

Құрылыс шеберлері – еңбектің нағыз ерлері. Кезінде Тайпақ ауданына қарасты Котельников кеңшарының құрылыс бөлімшесінде талай өз ісінің шеберлері еңбек етіп, ауылдың көркейіп, өсіп-өркендеуіне орасан үлес қосты. Сол бір еңбек майталмандарының төккен тері мен қажырлы еңбегінің арқасында талай нысан бой көтеріп, ел игілігіне қызмет етті. Құрылыс ісінің алдыңғы шебінде жүрген тәжірибелі мамандардың қатарында болған Өтеген Әлмұқанов ағамыз, Хамит Измұқанов, Анна Пастухова, Талғат Сундетовтар сынды құрылыс шеберлерінің

Котельниковтың өркендеуіне сіңірген еңбегі мол. Құрылыс бөлімінің қойма меңгерушісі Жамалхан Құрақов ағай мен құрылыс бөлімінің есепшісі Орынай Дүйсенова апайымыз да өз ісін жетік меңгерген білікті маман ретінде танылды.

Ағаш ұсталары Қадим Исалиев, Петр Чесноков, Константин Кайрушин, Серік Малғаспаев, Мұрат Наурызғалиев, Бақытжан Назарғалиевтар талай құрылыс нысандарында қолтаңбаларын қалдырып, өз үлестерін қосты. Пеш салушы Марат Хазмұқанов ағамызбен тор тоқушы Зайнутдин Ғаджиев де өз салаларында ерекше еңбегімен көзге түсті. Қандай құрылыс болса да, техникасыз салу мүмкін емес екені бесенеден белгілі. Құрылыс бөлімінде тұрақты қызмет жасаған экскаваторшы Амангелді Сердалин ағамыз бен тракторшылар Сатқан Байменов, Ғазез Қамиев, Амантай Сариев ағаларымыз да ауылдың көркеюіне өз қолғабыстарын тигізді.

Әрлеу жұмыстарында белсенді еңбек еткен білікті мамандар Фаина Ковзик, Бақтылы Жазықбаева, Елена Кайрушина, Әлия Қосаева, Құлпан Исалиева, Болған Аденова, Тойған Жұмалиева, Асия Көкетаева апайларымыздың да есімдерін ерекше атап өткен жөн. Құрылыс шеберлері Амантай Ғаббасов пен Қажымұқан Кенжеғалиев жетекшілік еткен бригадалар шаруашылық көлемінде көптеген нысандарды сапалы тұрғызып, өздерінің іскерліктері мен ұйымшылдығын көрсетті. Сонымен қатар еңбек көрігің қыздырған құрылысшылар Сайын Хайрушев, Меңдіғали Шоқаев, Орынбасар Сабыров, Саясат Хайрушев, Берік Қойшығұлов, Серік Райбеков, Абай Мұқтаров, Ерболат Садықов, Темірболат Дәулетов, Бақытжан Ерғалиев, Мұрат Малғаспаев, Қайыржан Шарафиев, Максим Әубәкіров сынды азаматтардың да қажырлы еңбектерінің арқасында біраз іс атқарылды. Бүгінде сол азаматтардың маңдай терімен салынған талай нысандар ел игілігіне әлі де пайдаланылуда.

Тайпақ өңірінде осындай өз істерінің шеберлері, «Тайпақтың құрылыс майталмандары» деген атаққа лайықты еңбек еткен азаматтардың қызметі ұмытылмайды деген ойдамын.

Бейбіт ШАЛАБАЕВ,
зейнеткер,
бұрынғы Котельников
кеңшарының прорабы

Әнжан Хамитұлы Мәжитов



Қадірлі жерлесіміз, ардақты азамат, қаржы саласының ардагері, Ақжайық ауданының Құрметті азаматы Әнжан Хамитұлы Мәжитов 78 жасқа қараған шағында өмірден озды.

Ауданымыздың әлеуметтік-экономикалық дамуына, қаржы жүйесінің қалыптасуына өзіндік үлесін қосқан Әнжан Хамитұлы 1947 жылы 10 қарашада бұрынғы Ақжайық ауданы (қазіргі Теректі), Еңбек ауылында дүниеге келген. Ол 1965 жылы Бударин орта мектебін, 1967 жылы Семей қаржы-экономикалық техникумын тәмамдап, кейін Алматы халық шаруашылығы институтында жоғары білім алды.

Еңбек жолын Чапаев қамсыздандыру инспекциясында инспектор болып бастаған ол жауапкершілігі мен іскерлігінің арқасында аға инспектор, меңгеруші, бөлім бастығы қызметтеріне дейін көтерілді. Аудандық қаржы бөлімін басқарып, ұзақ жыл абыройлы еңбек етіп, ел игілігіне бағытталған жауапты жұмыстардың бел ортасында жүрді.

Әнжан Хамитұлы қоғамдық жұмыстардан да шет қалған жоқ. Екі мәрте аудандық партия комитетінің тексеру комиссиясының төрағасы болып, бірнеше мәрте аудандық Кеңес депутаты болып сайланды. 1977 жылы социалистік жарыстың жеңімпазы атанып, еселі еңбегі ел тарапынан лайықты бағаланды.

Әнжан Хамитұлының ел игілігі жолындағы еселі еңбегі лайықты бағаланды. Ол Республика Жоғарғы Кеңесінің, сала министрлігінің Құрмет грамоталарымен, 1984 жылы «Қаржы қызметінің үздігі» белгісімен, 2002 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің Алғыс хатымен марапатталды. Ақжайық ауданының Құрметті азаматы атанып, туған жерінің төрінде өзіне лайықты құрметке ие болды.

Әнжан Хамитұлы отбасында да ардақты әке, сыйлы жар, ағайын-туысқа қадірлі жан болды. Абыройлы ғұмыр кешіп, артында елге сіңірген еңбегі, кейінгіге үлгі болар өнегелі жолы қалды.

Жарық дүниеден озған Әнжан Мәжитовтың жаны жәннатта, топырағы торқа болсын. Отбасына, туған-туыстарына қайғырып көңіл айтамыз.

Ақжайық ауданы әкімдігі, аудандық мәслихат, аудандық ардагерлер кеңесі

ЖШС «Аmaner IZI» 2026-2035 жылдарға әсер етуге экологиялық рұқсат алу үшін материалдар бойынша БҚО, Ақжайық ауданы, Бударин а/о , мекенжайы бойынша «Бордақылау алаңын салу (ірі қара малды ұстауға арналған қора мен шатыры бар алаң, гараж ғимаратына қосымша, астық сақтауға арналған ангар, БӨП-тен өтетін жол)» жобасы бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өтеді.

Тыңдау 2026 жылғы 25 қыркүйекте сағат 15:00-де Батыс Қазақстан облысы, Ақжайық ауданы, Бударин а/о, Бударин ауылы, Бударин ауылдық округі әкімдігі аппаратының ғимаратында, Ж. Молдағалиев көшесі , 11 мекенжайы бойынша өтеді

Қатысушыларды тіркеу 1 сағат бұрын, жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде жүргізіледі. Тұрақты интернет байланысы болған жағдайда Zoom платформасы арқылы бейне-конференция (БКС) форматында қоғамдық тыңдауларға қосылуға болады.

Конференцияға қатысу үшін төмендегі сілтеме арқылы өту қажет: <https://us04web.zoom.us/j/71008902682?pwd=4yrVfiby4dZbxDrEtFsYfoQKMTeAcf.1>. Конференция сәйкестендіргіші: 710 0890 2682. Құпиясөз: Drj336

Барлық ескертулер және/немесе ұсыныстар қабылданады, сондай-ақ жобалық құжаттамамен бірыңғай экологиялық порталда танысуға болады (<https://ndbecology.gov.kz>).

Жобаларға қатысты қосымша ақпаратты электрондық пошта арқылы алуға болады: amaner_97@inbox.ru тел. +77776716551, сондай-ақ «Батыс Қазақстан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» мемлекеттік мекемесі» мекен-жайы: БҚО, Орал қ., Сарайшық к-сі, 47, e-mail: zko_forest@bko.gov.kz, tabigat_zko@mail.ru тел: 87112240968

ТОО «Аmaner IZI» планирует проведение общественных слушаний в форме открытых собраний по Материалам для получения экологического разрешения на воздействие на 2026-2035 годы по проекту «Строительство откормочной площадки (Площадка с загонами и навесом для содержания КРС, пристройка к зданию гаража, ангар для хранения зерна, проходная с КПП)» по адресу ЗКО, Акжаикский р/н, Бударинский с/о

Слушания состоятся 25 сентября 2026 года, в 15:00 часов, по адресу Западно-Казахстанская область, Акжаикский район , Бударинский с/о, с. Бударино в здании аппарата акимата Бударинского сельского округа по ул. Ж.Молдағалиева, 11

Для участия в слушаниях необходимо пройти по ссылке: <https://us04web.zoom.us/j/71008902682?pwd=4yrVfiby4dZbxDrEtFsYfoQKMTeAcf.1> Идентификатор конференции: 710 0890 2682. Код доступа: Drj336

Ссылку на подключение к общественным слушаниям в онлайн-режиме можно запросить по электронной почте: amaner_97@inbox.ru

Все замечания и/или предложения принимаются, а также с проектной документацией можно ознакомиться на Едином экологическом портале (<https://ndbecology.gov.kz>).

Дополнительную информацию, относящуюся к проектам, можно получить по электронной почте:amaner_97@inbox.ru тел. +77776716551 , а также в ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Западно-Казахстанской области», по адресу: ЗКО, г.Уральск, ул.Сарайшык 47,адрес: e-mail: zko_forest@bko.gov.kz, tabigat_zko@mail.ru тел: 87112240968

Меншік иесі:
«Жайық Пресс» ЖШС
Бас директор
Дархан ОРАЗОВ

«Жайық Пресс» ЖШС
Ақжайық аудандық
«Жайық таңы»
қоғамдық-саяси газетінің
редакторы
Әлия ШАРАПИЕВА

ҚР Байланыс және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитеті “Жайық таңы” газетіне берген куәлік нөмірі 12258-Г, берілген күні 19.01.2012 жыл.

Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасы болып есептелмейді. Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді, оны қайтармайды. Деректердің дәлдігі үшін автор жауапты.

Мекенжайымыз: 090100, БҚО, Ақжайық ауданы, Чапаев ауылы, Ихсанов көшесі, 18. Телефондар: Редактор: 92-3-24 (факс); тілшілер: 91-7-56. Біздің электронды поштамыз: E-mail: zhayiktany@mail.ru

Ⓐ белгісімен жарияланған материалдар ақылы болып есептеледі.

Газет “Жайық Пресс” медиахолдингінде компьютерлік әдіспен теріліп, беттелді. “Хабар-Сервис” ЖШС баспаханасында басылды. Ақтөбе қаласы, Т.Смағұлов көшесі 9/2. Тапсырыс: 33 Көлемі 1 баспа табақ. Газет аптасына 1 рет шығады. Таралымы: 1906

▶ СПОРТ

Халықаралық турнирдегі жетістік



7–9 тамыз аралығында Щучинск қаласында ардагер спортшылар арасында грек-рим күресінен «Burabay Open» халықаралық турнирі өтті. Балуандар бәсекесіне Қазақстанның 17 облысынан, Астана және Алматы, Шымкент қалаларынан, сондай-ақ Ресей Федерациясы мен Қырғызстан Республикасынан спортшылар қатысты.

Халықаралық додада Ақжайық ауданының атынан қатысқан жерлеріміз де жақсы

нәтиже көрсетті. Тәжірибелі балуандарымыз боз кілемде қарсылас шыдатпай, жүлделі орындардан көрінді.

Атап айтқанда, грек-рим күресінде 78 келі салмақта, С дивизионында «Жігер» спорт клубының директоры Жаслан Күнбатыров, 88 келі салмақта аталмыш дивизионда аудандық балалар-жасөспірімдер спорт мектебінің директоры Марат Ығылманов III орынға тұрақтады. Ал 88 келі салмақта, D дивизионында ардагер-спортшы Ақболат Бисекешов II орын алды.

Оразай тағы топ жарды



Жуырда Қарағанды қаласында Мәди Бапиұлы атындағы дәстүрлі садақ атудан ересектер арасында Қазақстан Республикасының Кубогі өтті.

Аталған додаға Батыс Қазақстан облысының құрама командасы сапында көнекеткендік садақшы, «Жігер» спорт клубының спорт нұсқаушысы Оразай Қайырсапин қатысып, тартысты бәсекеде «Жамбы» нысанасы бойынша 30 метр қашықтықтан III орынға ие болды. Жетекшісі – «Жігер» спорт клубының спорт нұсқаушысы Ерлан Хамзин.

Маржан ЖҮНІС

Баланың тілі — бал

– Әке, мафия дегеніміз кімдер?
– Мафия деген – сені өздерінің заңына бағындырғысы келетін жаман адамдар. Егер айтқанына көнбесең, жазалайды.
– Мұғалімдер ме?

Жиенім Ғалияның сыныптасы сабақты нашар оқиды екен. Мұғалімі анасын мектепке шақырыпты. Анасы келіп:

– Оны соңғы партаға отырғызған дұрыс шығар. Сабақта өзгелерге алаңдайтын шығар, сөйтсе оған ешкім кедергі келтірмейді, – дейді.
Сондағы жиенімнің сұрағы:

– Соңғы партада отырса, ақылы көбейіп кете ме?

Үш жасар қызым биыл балабақшаға барды. Бірақ балабақшаға барғысы келмейді. «Неге?» десем, бір ғана жауабы бар: «Мені балабақшада бәрі ренжітеді!»
«Не үшін?» – деп сұраймын ғой енді. Сонда не деп айтқанын білесіздер ме?!
– «Жанел, бізді ұрмашы, өтінеміз», – деп ренжітетін көрінеді...

Асүйдегі сүлгілердің дағын қалай жусам да, кетіре алмадым. Амал жоқ, әжемнің әдісіне жүгініп, қайнатып тазалайын деп шештім.



Кәстрөлге салып, орамалдарды қайнатып жатқанымды көрген ұлымның көзі тас төбесіне шықты:
– Түскі асқа сүлгі пісіріп жатырсың ба? Жемеймін мен оны! – деді ол.

Кішкентай қыз анасының кезекті ескертуін тыңдап болып:
– Білесің бе, анашым, сенің осындай қырсық екеніңді білгенде, мен сенің қызың болып тумас едім!

Туған күніңізбен!

Құрметті
Света Рахметоллақызы
Сүлейменова!

Сізді мерейлі 50 жасыңызбен шын жүректен құттықтаймыз!

Шәкірттерге жан жылуын сыйлап, ұстаздар мен ата-аналарға қолдау көрсетіп, білім ордасының игілігі жолында абыройлы еңбек етіп келесіз. Сізге зор денсаулық, отбасылық бақыт, еңбегіңізге толағай табыс тілейміз. Мерейіңіз үстем, абыройыңыз асқақ болсын!



Мойылды негізгі орта мектебі ұжымы

▶ ҚАРЖЫ-LIFENACK

Единая платформа –
единое решение по долгам

С 1 июля в Казахстане заработала единая цифровая платформа Finkelisim.kz. Сервис предназначен для граждан, у которых образовалась просроченная задолженность сразу перед несколькими кредиторами – банками, микрофинансовыми организациями или коллекторскими агентствами. Мы решили разобраться, как работает новый сервис и кому он действительно может помочь.

Главное преимущество платформы, нет нужды обращаться к каждому кредитору отдельно. Достаточно подать одно заявление, после чего система сама собирает информацию обо всех имеющихся задолженностях и проверяет, подходит ли заемщик под условия коллективного урегулирования.

Обратиться через платформу могут граждане, у которых просрочка перед двумя и более кредиторами составляет 90 дней и более, а общая сумма задолженности – от 648 750 до 6,92 млн тенге. При этом по долгам не должно быть судебных решений о взыскании, исполнительных надписей нотариуса и других мер принудительного взыскания.

Чтобы подать заявление, сначала необходимо зарегистрироваться на Finkelisim.kz и пройти подтверждение личности, в том числе биометрическую идентификацию. Далее система самостоятельно проверяет данные кредитного бюро. Если все требования соблюдены, кредиторы подтверждают информацию о задолженности, а заемщику предлагают единый график погашения. Срок такого графика может составлять до пяти лет, а для социально уязвимых граждан и получателей адресной социальной помощи – до семи лет. Участие в процедуре для заемщика бесплатное, за исключением услуг медиатора.

Есть и важный нюанс: на платформе нельзя урегулировать ипотеку, автокредит или задолженность, связанную с предпринимательской деятельностью. Не распространяется процедура и на ряд других категорий долгов, в том числе тех, по которым уже применяются процедуры банкротства.

Таким образом, новый сервис призван упростить для граждан процедуру урегулирования долгов. Вместо нескольких обращений – одно заявление, вместо самостоятельного сбора информации – единая цифровая система. Остается лишь внимательно ознакомиться с условиями и понять, подходит ли конкретная ситуация под установленные требования.

А.СЕРИККЫЗЫ